

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ
БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ
ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
ТУРАЛЫ



ҚазМұнайГаз

NATIONAL COMPANY ҚЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ҚМГ СТРАТЕГИЯСЫ

КӨРІНІС

қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағытталған жоғары қауіпсіздік стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беру

МИССИЯ

болашақ ұрпаққа қамқорлық жасай отырып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игеру

✓ Жеткілікті ресурстық база

✓ Құн жасау тізбегінің тиімділігін арттыру

✓ Бизнесі әртараптандыру және портфельді кеңейту.

✓ Орнықты даму және өндірістің көміртекті сыйымдылығын төмендету

- Қоршаған ортаны қорғау
- Төмен көміртекті даму



- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
- Персоналды басқару және адам құқықтары
- Жергілікті қоғамдастықтар



- Корпоративтік басқару



• ҚМГ-ның орнықты даму мәселелеріне көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпыадамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен үйлесуіне негізделген.

• Компания БҰҰ-ның орнықты дамудағы барлық 17 мақсатын ұстанады.

• Компания үшін стратегиялық мақсаттар мен басым міндеттерді назарға ала отырып, ҚМГ БҰҰ 10 ОДМ-ға және 24 міндеттеріне қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпаратты ашады.

• Мақсаттар мен міндеттер ҚМГ-да жүзеге асырылатын стратегиялық және бизнес бастамалармен ұштастырылады.

БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ





ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ



БАСЫМДЫҚ

Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста бәрінің әл-ауқатына жәрдемдесу



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 3.6** Жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болғандар мен жарақаттар санын қысқарту
- 3.8** Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды, оның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету
- 3.9** Қауіпті химиялық заттар мен ластанудың, ауаның, судың және топырақтың улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



- «Сапарларды басқару» жобасын көбейтіп тарату шеңберінде:
- ҚМГ-ның 7 ЕТҰ-да көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді және жобаны көбейтіп таратудың жол карталары бекітілді;
 - 2024 жылға барлығы ЕТҰ-ның 4227 қызметкері және мердігер ұйымдардың 2082 қызметкері «Қорғаныштық жүргізу» (Defensive driving) курсы бойынша оқудан өтті



Қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және ЖКО кезінде жарақаттануды азайту мақсатында ҚМГ ЕТҰ ның 17712 қызметкері маңдайлық соқтығысу тренажері (конвинсердің) практикалық демонстрациясына қатысты



ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтылған

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



«Сапарларды басқару» жобасы

Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ҚМГ компаниялар тобында «Сапарларды басқару» жобасын кезең-кезеңімен көбейтіп тарату жұмыстары жүргізілуде:

- автоматтандыру деңгейін, GPS-трекерлермен жабдықталуын ескере отырып, ЕТҰ-дағы процестердің жетілуіне диагностикалау жүргізілді;
- әрбір ЕТҰ үшін көлікті басқару процестерін дамытудың жеке бағдарламалары дайындалады;
- қозғалыс қауіпсіздігіне назар аудара отырып, көлікті басқару жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.



Қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы

2024-2028 жылдарға арналған Персоналды сауықтыру бағдарламасы әзірленуде. Бағдарламаның негізгі бағыттары:

- созылмалы аурулары бар қызметкерлердің, өндірістік персоналдың жағдайын бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;
- созылмалы аурулардың алдын алудың кешенді бағдарламаларын енгізу;
- ауысым алдындағы тексерулердің инновациялық әдістері;
- қызметкерлердің аурушаңдығын төмендету, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.



Денсаулықты медициналық сақтандыру.

Қызметкерлерді медициналық тексерулер мен вакцинациялау тұрақты негізде жүргізіледі.



Көшбасшылық бастамалары

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен міндеттемелері кодексі енгізіліп, іске асырылуда.



«Қорғау» картасы

Қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабарлауға бағытталған бағдарлама іске асырылады.





ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК



БАСЫМДЫҚ

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 5.1 Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою
- 5.5 Әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:

- ✓ ҚМГ ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оның нормаларын бұзбайды, яғни ешкім еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктер, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша ешқандай кемсітушіліктерге ұшырамауы тиіс
- ✓ Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеу жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы және әлеуметтік қолдаудың бірдей шарттары белгіленеді
- ✓ Директорлар кеңесі мен Байқаушы кеңестеріндегі әйелдердің үлесі:
 - 2024 жылы – 13%, соның ішінде ДК – 11% (9-дың 1-уі); БК ЕТҰ– 16% (196-ның 33-і)
 - 2030 жылға мақсат - 30 %

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



ҚМГ компаниялар тобындағы **Директорлар кеңесі мен Байқаушы кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін** 2030 жылғы желтоқсанға қарай 30%-ға дейін арттыру.



WEP's бастамасын ілгерілету

Бастаманы «БҰҰ-әйелдер» құрылымы мен БҰҰ Жаһандық келісімі жасады. WEP's (Әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары) халықаралық еңбек және адам құқықтары стандарттарына негізделген және іскер топтардың гендерлік теңдік пен әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүдделі екенін және олар үшін жауап беретінін мойындайды.

Осы бастама аясында мыналар жоспарлануда:

- Компания басшысының әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын қолдау туралы мәлідемесіне қол қою;
- WEP's гендерлік алшақтықты талдау құралы арқылы өзін-өзі бағалауды жүргізу. Ол гендерлік теңдікке стратегиялық көзқарасты бағалайды, үздіксіз жетілдіру үшін олқылықтар мен мүмкіндіктерді анықтайды және мақсаттар мен міндеттер қоюға көмектеседі;
- мүдделі тараптарымызға біздің ілгерілеуіміз туралы хабарлау үшін тұрақтылық туралы есептерде деректерді жынысы бойынша бөлініспен ашу.





ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ



БАСЫМДЫҚ

- Қымбат емес, сенімді, тұрақты әрі заманауи энергия көздерінің барлығы үшін жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету
- Өндірістің энергия тиімділігін арттыру
- Қол жетімді таза энергияның үлесін арттыру



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 7.1** Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қол жеткізуді қамтамасыз ету
- 7.b** Заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:

- ✓ 2024 жылға 76 іс-шараны іске асыру және қорытындылау барысында есептік үнемдеу, ОЭР - 45,7 мың ш.о.т., CO2 шығарындыларын 98,9 мың тонна төмендету жоспарланып отыр
- ✓ Мұнай өндіру технологияларының технологиялық пештері мен қазандық жабдықтарына нысаналы энергия аудит жүргізілді
- ✓ 2023 және 2024 жылдары ЖЭК генерациялау көздерінен электр энергиясын тұтынуды растау үшін 20 000 бірлік мөлшерінде I-REC «жасыл» сертификаттарын сатып алу жүзеге асырылды
- ✓ КМГ компаниялар тобында Энергетикалық саясат және Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару регламенті бекітілді

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:

Топтың энергия үнемдеуі мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – бұл технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК пайдалана отырып дамыту.

КМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, іс-шаралар жоспары өзектілендірілуде, қызметтің басым бағыттары анықталды:



Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі бастамалар:

- үздік қол жетімді техниканы (ҮҚТ) енгізу;
- қазандық және пеш жабдықтарын жаңғырту;
- жылу энергиясын тұтынатын технологиялық қондырғыларды жаңғырту;
- механикалық қорды жаңғырту;
- механикалық қорды және сорғы жабдықтарын оңтайландыруға бағытталған басқару бағдарламаларын іске асыру;
- негізгі және қосалқы жабдықтарды жылумен оқшаулау;
- көлік техникасын оңтайландыру;
- ОЭР есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;
- энергоменеджмент қызметтерін құру.



ЖЭК жобаларын дамыту жөніндегі бастамалар:

- 1 ГВт ЖЭС – Total Open-мен бірлесіп,
- 247 МВт гибриді электр станциясы – Epi-мен бірге;
- 2031 жылға қарай «жасыл» электр энергиясын кемінде 15% сатып алу.



Тұрақты авиациялық отын өндірісі (SAF):

2023 жылғы қыркүйектен бастап 2024 жылғы маусымға дейін ICF SH&E Limited компаниясы жүргізген Қазақстандағы saf өндірісінің әлеуетін техникалық-экономикалық зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы, өңірдегі және әлемдегі SAF-қа сұраныс пен ұсынысқа, оның ішінде EO сияқты әлеуетті экспорттық нарықтарға талдау жүргізілді және мынадай қорытындылар жасалды:

- қолда бар шикізат пен отын сапасына қойылатын талаптарды, сондай – ақ этанол негізінде SAF-ты басқа нарықтарға - ATJ (alcohol to jet) ауыстырып тиеу мүмкіндігін ескере отырып, Қазақстанда saf өндірісінің неғұрлым перспективалы және қолжетімді технологиясы айқындалды. Бұл технологияны дамытатын негізгі компаниялар: LanzaJet, Honeywell және Axens.
- алғашқы SAF өндіру қуаттылығы жылына 40 000 тоннаны құрайды, биоэтанолға қажеттілігі – 72 000 тонна.

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ



ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ



БАСЫМДЫҚ

Алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, барлығы үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 8.5** Әйелдер мен ерлер, соның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және нәтижелі жұмыспен және лайықты еңбекпен және бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету
- 8.6** Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды игермейтін жастардың үлесін айтарлықтай азайту
- 8.8** Еңбек құқықтарын қорғау және барлық жұмысшылар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:

- ✓ ҚМГ 49 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, оның ішінде 81% ерлер, 19% әйелдер
- ✓ Өндіріске жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламалары: Жас Маман, Дуальды оқыту, Тағылымдамадан өтуші, KMGE School, Алып

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



Өндірісте жас мамандарды дамыту және тарту бағдарламалары

«Жас маман» – АМӨЗ -ге жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы. 2024 жылы 9 адам оқытылды, оның ішінде 2 адам жұмысқа орналастырылды.

Дуальды оқыту – оқытуды, тағылымдамадан өтуді және одан әрі ҚМГ компаниялар тобына жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама. 2023-2024 жылдар аралығында 242 адам дуальды оқытудан өтті, оның ішінде 34 адам жұмысқа орналастырылды.

«KMGE School» - «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС үшін тар мамандарды даярлау бағдарламасы. Іріктеу бакалавриаттың 1-курсын (техникалық және кәсіптік білім беру базасында) немесе 2-курсын (жалпы орта білім базасында) бітірген студенттер арасында жүргізіледі. Оқу қорытындысы бойынша студент Бағдарлама бойынша оқудан өткені туралы сертификат алады және ҚМГИ-де кемінде 3 жыл еңбек етеді. 2022-2024 жылдар аралығында 18 адам оқытылды, оның ішінде 17 адам жұмысқа орналастырылды.

«Тағылымдамадан өтуші» - 3 кәсіп бойынша мамандар даярлау бағдарламасы: 1) Технологиялық қондырғылардың операторы, 2) Технологиялық сорғылар мен компрессорлардың машинисі, аспапшы және 3) БӨАЖА слесарі. Тағылымдамадан өтушілер оқып, АМӨЗ-де өндірістік тағылымдамадан өтеді. 2023-2024 жылдар аралығында 60 адам оқытылды, оның 31-і жұмысқа орналастырылды, сондай-ақ 2024 жылы 2024 жылғы 10 желтоқсанға дейін «АМӨЗ тағылымдамадан өтушісі» бағдарламасы бойынша 6 айлық оқу курсына қосымша 20 тағылымдамадан өтуші іріктелді.



Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау

ҚМГ тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес ұсынылады. ҚМГ компаниялар тобында ұжымдық шарттар 24 кәсіпорында жұмыс істейді. Кәсіпорындардың әлеуметтік топтамасы әлеуметтік жеңілдіктердің 50-ден астам түрін қарастырады, бүгінгі таңда ұжымдық шарттар мен актілердің барлық талаптары ҚМГ-ның барлық кәсіпорындарында толық көлемде сақталады.



ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



БАСЫМДЫҚ

Берік инфрақұрылымды құру, жалпылама және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 9.1** Адамдардың экономикалық дамуы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды негіздеу
- 9.4** Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды орнықты ете отырып, инфрақұрылымды жаңарту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



- 6 АВАІ модулі енгізілді («Деректер базасы», «Карта салушы», «Технологиялық режим», «Тереңдік-сорғы жабдықтарын іріктеу», «Өндіруді жоспарлау және мониторинг», «Геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігін іріктеу және талдау»). Қол жеткізілген әсерлер:
- деректерді автоматтандырылған жинау және өндірістік есептерді жүктеп түсіру жылдамдығы ~2 және одан да көп есе артты;
 - ӨМГ мен ҚГМ-да неғұрлым тиімді технологиялық режим есебінен қосымша өндіру көлемі алынды;
 - ӨМГ мен ММГ тереңдік-сорғы жабдықтарының істен шығуын қысқарту есебінен ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды;
 - ӨМГ-де жаңа ұңғымаларды неғұрлым тиімді іріктеу есебінен қосымша өндіру көлемі алынды
- «Цифрлық Азамат» курсы әзірленді, басталуы 2025 жылға жоспарланған.

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, іс-шаралар жоспары өзектендірілуде, энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары айқындалды:

- энергия менеджментін оңтайландыру, энергия менеджменті қызметтерін құру
- ТЭР есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу
- нақты ЕТҰ активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын айқындау
- қол жетімді үздік қол жетімді техниканы (ҮҚТ) енгізу
- механикалық қорды жаңғыртуды, көлік техникасының құрамын оңтайландыруды және жаңғыртуды жүзеге асыру.



«АВАІ АЖ әзірлеу» жобасы

Жоба ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы бірыңғай деректер базасында орталықтандыруды, сондай-ақ оны жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып өңдеу мен талдауды көздейді.

АВАІ ақпараттық жүйесі – әрқайсысы нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған 17 дербес модуль.



«Цифрлық Азамат» жобасы

Жобаның мақсаты ҚМГ қызметкерлерінің цифрлық сауаттылықты арттыру болып табылады.



11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР
ЖӘНЕ
ЕЛДІ МЕКЕНДЕР



ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР



БАСЫМДЫҚ

Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

11.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, атап айтқанда, осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарттардың қажеттіліктеріне ерекше назар аударып, қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік жүйелерімен қамтамасыз ету

11.6 Қалалардың жан басына шаққандағы теріс экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы азайту.



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



ҚМГ «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді қатысады:

- тарихи-мәдени ескерткіштерді, мектептерді, балабақшаларды және т.б. аумақтарды жинау және абаттандыру бойынша 75 акция өткізілді;
- 10 мыңнан астам адамның қатысуымен 225 сенбілік өткізіліп, барлығы 240 тонна қалдық жиналды;
- 170 мыңға жуық ағаш көлемінде жасыл желектерді әктеу бойынша 60 іс-шара өткізілді;
- биоәртүрлілікке әсерді басқаруға оқыту




Ластаушы заттар эмиссияларын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірқатар ЕТҰ деректерді ҰАТ АҚ ұлттық деректер банкі арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді



«Қазақстан Республикасында электромобильдерге арналған зарядтау инфрақұрылымын дамыту» жобасы бойынша ТЭА әзірленді

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



Электромобильдерге арналған зарядтау инфрақұрылымын дамыту жобасы
ҚМГ Қазақстанда электромобильдер үшін зарядтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда. Жоба бастапқы пысықтау сатысында. "ҚазМұнайГаз-Инжиниринг" ЖШС күшімен техникалық-экономикалық зерттеу әзірленді.



Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған ең үздік қолжетімді әдістерді енгізу

Қазақстанда ластаушы заттар шығарындылары бойынша 50 ірі ластаушы заттардың құрамына кіретін ҚМГ компаниялар тобының бірқатар компаниялары 2024 жылы ҰҚТ ұлттық салалық анықтамалықтары негізінде экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламаларының жобаларын әзірледі және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінде кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінімдер берді.



Ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламасын әзірлеу

ҚМГ компаниялар тобы бойынша ластаушы заттардың шығарындыларын төмендету мақсатында қоршаған ортаға ЛЗ шығарындыларын азайту бағдарламасы әзірленуде және нысаналы көрсеткіштер белгіленуде.



Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтату» бастамасын іске асыру

ҚМГ ілеспе мұнай газын пайдалы пайдалануды арттыру мақсатында мемлекеттердің, мұнай компаниялары мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру үшін 2015 жылы жарияланған 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі Дүниежүзілік Банктің бастамасына қатысушы болып табылады. Жоғарыда аталған бастаманы іске асыру шеңберінде компания 2030 жылға қарай газды тұрақты алаулатып жағуды толық тоқтатуға бағытталған ҚМГ шығарындыларын басқару жөніндегі саясатты басшылыққа алады. 2023 жылы шикі газды алаулатып жағу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 89%-ға қысқарды.



«Жасыл белдеу» құру – көгалдандыру жобалары

Соңғы 3 жылда ҚМГ компаниялар тобы бойынша барлығы 100 000-ға жуық ағаш отырғызылды. 2024 жылдың соңына дейін 88 мыңнан астам ағаш отырғызу жоспарлануда, оның 60 000-нан астамы отырғызылған.



"Таза Қазақстан" экологиялық акциясы

"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясы – бұл Президент Қ.К. Тоқаевтың жаппай сенбіліктер, қоқыстарды жинау, аумақтарды көгалдандыру, халықты ағарту және т. б. арқылы елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бастамасы.

12 ЖАУАПТЫ
ТҰТЫНУ
ЖӘНЕ ӨНДІРІС



ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС



БАСЫМДЫҚ

Оңтайлы тұтыну мен өндіру үлгілеріне өтуді қамтамасыз ету



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 12.4** Келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және олардың бүкіл өмірлік циклі бойындағы барлық қалдықтарды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай азайту
- 12.5** 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін едәуір азайту
- Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты
- 12.6** көрсетуге кеңес беру



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:

- ✓ 2018-2024 жылдары қалдықтарды басқару шеңберінде 3,97 млн тонна мұнай қалдығы қалпына келтірілді
- ✓ "Жасыл кеңсені" енгізу шеңберінде және "Изумруд Кварталы" БО кеңсесінде пластик пен металл қалдықтарының түзілу көлемін азайту мақсатында Фандомат орнатылды. 2024 жылы (01.11.2024) 7 861 алюминий банка және 22 644 пластикалық бөтелке тапсырылды

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



Carbon Disclosure Project

Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында Су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады.



Су ресурстарын басқару бағдарламасы

Су алуды қысқарту, суды қайта пайдалануды ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштерді айқындау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша Су ресурстарын басқару жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленді.



TAZALYQ

АМӨЗ қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда.



Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын кәдеге жарату бағдарламасы

Тарихи жинақталған мұнай қалдықтары мен мұнаймен ластанған аумақтарды кәдеге жарату бағдарламасын іске асыру.



Жасыл кеңсе

Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және «жасыл кеңсе» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде, мысалы, қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кеңсе үй-жайларында су және энергия үнемдеу.



Қалдықтарды басқару стандарты

Қалдықтарды басқару стандарты әзірленуде.



13 КЛИМАТТЫҢ
ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС



БАСЫМДЫҚ

Климаттың өзгеруімен және оның салдарларымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау



ОДМ МІНДЕТТЕРІ



13.2 Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

13.3 Климаттың өзгеруінің ауырлығын азайту және әлсірету және адамдар мен мекемелерді оларға бейімдеу және ерте алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жақсарту, ол туралы ақпарат тарату



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



Потенциалды өндірісті бағалау үшін сутегі атласы жасалды. Жасыл сутегі бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда



Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың корпоративтік әдістемесі енгізілді



Ашық түсті мұнай өнімдері үшін бенчмарк әзірленді



Score 3 бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі әзірленді.



ҚМГ IGMP 2.0 серіктестігіне қосылды. UNEP-те метан шығарындылары туралы алғашқы есеп камералдық тәсілмен тапсырылды



Павлодар облысында Шевронмен бірлесіп ормаг-климаттық офсеттік жоба жүзеге асырылуда

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:



Ішкі көміртекке баға белгілеу тұжырымдамасы
ЕТҰ-ның көміртегі ізін азайту жөніндегі шараларды жоспарлау мен қамтамасыз етуді енгізу, сондай-ақ көміртекті реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есепке алу мақсатында ішкі көміртерге баға белгілеу тетіктері әзірленді. Қазіргі уақытта оларды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының бизнес-процестеріне интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілуде.



Carbon Disclosure Project
Компания көміртегі ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңына климаттық сауалнаманы орналастырады.



Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)
Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының, TCFD-ның ұсыныстарына сәйкес климаттық тәуекелдер бойынша ақпарат.



Метан шығарындыларын азайту
Carbon Limits, International Finance Corporation, Tetra Tech Inc сияқты халықаралық серіктестермен бірлесіп. ҚМГ метан шығарындыларын басқару бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. 2024 жылы ҚМГ мамандарын метанның ағып кетуін басқару бойынша оқыту жүргізілді, сондай-ақ ҚМГ екі объектісінде метанның ағып кетуіне далалық өлшеу жүргізілді.



OGMP 2.0-ге қосылу
Компания UNEP OGMP 2.0 метан бастамасына қосылды, бұл метан шығарындыларын азайту және UNEP-ке метан шығарындылары туралы есеп беру үшін өз мақсатын белгілеуді көздейді. 2024 жылы ҚМГ OGP 2.0 бастамасы аясында метан шығарындылары бойынша алғашқы есебін ұсынды.



Мұнай-газ секторын күкіртсіздендіру туралы хартияға қосылу
COP-28 климаттың өзгеруі жөніндегі тараптар конференциясының алаңдарында компания мұнай-газ секторын күкіртсіздендіру бастамасына қосылды.



Орман-климаттық жобалар
Павлодар облысында орман-Климаттық жобаны іске асыру үшін 2000 га алаңда учаске анықталды, парниктік газдарды сіңіру әлеуетін бағалау жүргізілуде.



ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ



БАСЫМДЫҚ

Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және олардың оңтайлы пайдаланылуына жәрдемдесу, ормандарды оңтайлы пайдалану, шөлейттенумен күрес, жердің азу процесін тоқтату және кері бұру және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

15.3 Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, тозуға ұшыраған жерлер мен топырақты, соның ішінде шөлейттену, құрғақшылық және су тасқынынан зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру және жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу

15.5 Табиғи мекендеу орындарының тозуын тежеу, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылып кетуін болдырмау үшін маңызды шаралар қабылдау



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



Арал теңізінің құрғақ түбінде 15 мың гектар алқапқа 4,5 миллион сексеуіл көшеті отырғызылды

TAZALYQ:



«Механикалық тазарту құрылыстарын (жабық үлгідегі МТҚ) реконструкциялау» жобасының 2-кезеңін іске асыру аяқталды



«Нормативтік-тазартылған ағындардың арнасын қайта құру және АМӨЗ булану алқаптарын қалпына келтіру» жобасы іске асырылуда:

- 1 және 2-секторлар толығымен құрғатылған және қалпына келтірілген;
- АМӨЗ ақаба суларын АМӨЗ булану алаңдарына ағызған қолданыстағы ашық каналдың орнына құбыр орнатылды

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:

ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су алуды азайтуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асыруда:



Carbon Disclosure Project

Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында Су қауіпсіздігі сауалнамасын орналастырады. ҚМГ компаниялар тобы бойынша Су ресурстарын басқару бағдарламасы әзірленуде.



TAZALYQ

АМӨЗ қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда.

Қуаттылығы тәулігіне 50 мың м3 су Кендерлиде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу жұмыстары



Жоба Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультипликативтік әсер етеді.



Жерлерді қалпына келтіру

Компанияда «тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.



Биоәртүрлілікке әсерді азайту шараларының иерархиясы

Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде мынадай төрт негізгі әрекет ескеріле отырып, биоәртүрлілікке әсер етудің салдарын азайту шараларының иерархиясы қолданылады: ықтимал елеулі тікелей әсерлердің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және өтеу.



Биоәртүрлілікті сақтау бағдарламасы

Биоәртүрлілікті сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоәртүрлілікті сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын Биоәртүрлілікті сақтау бағдарламасын әзірленіп жатыр.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК



БАСЫМДЫҚ

Тұрақты даму мүдделеріндегі жаһандық әріптестіктердің шектерінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру



ОДМ МІНДЕТТЕРІ

- 17.1** Салықтар мен басқа да кірістерді жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ішкі көздерден алынатын, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында алынатын ресурстарды жұмылдыруды күшейту
- 17.16** Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияны және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылған орнықты даму мүдделерінде Жаһандық серіктестікті нығайту
- 17.17** Әріптестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік және жеке секторлар мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді әріптестікті ынталандыру және көтермелеу



БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ:



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мемлекетке төлемдер саласындағы ашықтықты арттыру, сектордан түсетін кірістер мәселелерінде өндіруші компаниялардың жауапкершілігін күшейту, өңірлердегі компания қызметі туралы халықтың хабардарлығын арттыру бойынша үздік әлемдік тәжірибелерді ұстанады



ҚР бюджетіне салық төлемдері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттердің пайдасына төлемдер бойынша есеп ҚМГ сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>

БІЗДІҢ БАСТАМАЛАРЫМЫЗ:

ҚМГ GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сәйкес салықтар туралы ақпаратты ашады.

Мемлекеттердің пайдасына аударымдар.

Компания жыл сайын Есепте мемлекеттердің пайдасына мынадай төлем түрлері бойынша төлемдер бойынша ақпарат ұсынады:



Салықтар

Тау-кен салығынан басқа барлық салықтар.

ПҚЭС

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жер қойнауын пайдаланушының өндірілетін минералдық шикізаттың, мұнайдың, жер асты суларының және емдік балшықтардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке міндетті төлемі болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі пайдалы қазбаларды өндіруге салық салу объектісі болып табылады.



Қол қою бонусы

Қол қою бонусы жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақта (жер қойнауы учаскесінде) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алғаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарттық аумақты (жер қойнауы учаскесін) кеңейту кезінде біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

Өзге төлемдер

Басқа төлемдер мемлекеттерге барлық басқа төлемдерді, соның ішінде экспорттық кедендік бажды қамтиды.



БҰҰ ОДМ іске асыру мақсатында ҚМГ салалық компаниялармен, халықаралық агенттіктермен белсенді ынтымақтасады және энергия үнемдеу, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, климаттық өзгерістерге қарсы күрес, шығарындыларды азайту, сондай-ақ жасыл энергетиканы және басқа да осыған ұқсас бағыттарды ілгерілету саласындағы мемлекетаралық ұйымдардың қатысушысы болып табылады.